

## «Ұстаздар династиясы»

**Ұстаз болу – жүректің батырлығы,**

**Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.**

**Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,**

**Ұстаз болу – адамның асылдығы.**

Данышпан Абай бір ғасырдан аса уақыт бұрын: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген. Осы екі сөзден ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздың ерекше орын алатынын аңғару қиын болмаса керек.



Әулеттің отағасы Уринбосар Азимкулұлы 1953 жылы 20 ақпан айында Самарқанд қазіргі Науайы облысы, Нұрата ауданы, Қызылша селолық округінде малшы отбасында дүниеге келген.

Әкесі Азимкул Жолдасұлы отан соғысы жылдары тылда жұмыс жасаған ардагер қойшы, шопан болып қызмет еткен. Анасы Зылиха Назарбайқызы отбасылық шаруамен айналысқан және бес ұл қызды тәрбиелеп, өнегелі отбасы құрып келген жан.

Уринбосар Азимкулұлы 1962 жылы Қызылша округіндегі А.Науайы атындағы № 22 мектепке қабылданып, 1970 жылы 8- сыныпты бітіріп, 1970-73 жылдары Самарқанд қаласында Спорт техникумын аяқтап, № 22 мектепте алғаш ұстаздық қызметін бастаған. 1977 жылы Сырдария облысындағы Ғафур Ғулам атындағы Педагогика Институтына оқуға түсіп, 1982 жылы тарих пәні бойынша диплом иесі болып, алайда 1982 жылдан бастап Науайы облысы Нұрата ауданындағы Б.Алтынсарин атындағы № 23 мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасты. Ұстаздық қызметін абыроймен атқарып, оқушыларға білім және тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп, республикалық, облыстық, аудандық білім беру бөлімдерінің алғыс хаттарымен мадақтамаларымен, кәсіподақ ұйымының мадақтау қағаздарымен жыл барысында марапатталып келген.

Алайда, Уринбосар Азимкулұлы жұмыс бабында 16 жыл бойы № 23 мектепте директордың оқу білім меңгерушісі қызметін де зейнет жасына жеткенше атқарып келген ұлағатты ұстаз.

Ғұмырының 40 жылын шәкірттерге білім беру саласына арнаған ұстаз 2013 жылдан бастап зейнетке шыққан. Ардагер ұстаз атанса да өзі жұмыс жасаған мектептен қол үзбей, білім ошағына жиі- жиі барып, келешек ұрпақты тәрбиелеуде жас мамандарға ақыл кеңесін беруден жалықпайды. Сонымен қоса мектептегі ардагерлер кеңесінің мүшесі қызметін де атқарып келеді.



Алайда, бүгінде жасы 70 ке таяп қалған ардагер ұстаздың жұбайы Қалбиби Алиқызымен отасқанына 40 жылдан асыпты. Бір өмірге серттескен жұбайымен 1976 жылы 7 қарашада отбасын құрған. Қалбиби Алиқызының негізгі мамандығы есепші (бухгалтер) болған. 1973-1982 жылдар аралығында қызметін бастаған. Ол 1982-1998 жылдары ауылдық балабақшада балабақша меңгеруші (завхоз) болып жұмыс жасаған. 1998 жылдан бастап, №23 мектепте директорының қожалық жұмыстары бойынша бөлім меңгерушісі (завхоз) қызметін атқарған. Аудандық кәсіподағының бірнеше «Алғыс хаты» грамоталарымен марапатталған. Өзіне тиісті жұмысын беделді атқарып келген Қалбиби Алиқызы 2006 жылы зейнет жасына жетіп, демалысқа шыққан.

Қазірде бейнеттің зейнетін көріп, отағасымен бірге ұл қыздарының немерелерінің ортасында өмірдің бар қызығын бірге көріп, Алланың берген 6 перзенттерін бес қыз, бір ұлын тәрбиелеп, өсіріп барлығын жоғары дәрежелі ұстаздар етіп, әр қайсысын қызды қияға, ұлды ұяға өз орнына жайғастырып, олардан 18 немере сүйіп отырған «Ұстаздар династиясы» деп аталатын өмір кемесінің қос ескегін берік ұстап, ұл қыздарының, немерелерінің қоршауында «тынық мұхитының» айдынында бақытты ғұмыр кешіп келе жатыр.



Уринбосар Азимкулұлының тұңғыш перзенті-Замира Уринбосаровна да әке жолын жалғастырып 1994 жылы мектепті аяқтап, сол жылы Науайы Мемлекеттік педагогика институтының филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, 1999 жылы аяқтап, Үшқұдық қаласындағы №4 мектепке жұмысқа орналасты. Алғаш білім ордасына келіп ант қабылдап, қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ берді. 2008 жылы өз ата жұрты Қазақстан еліне Теміртау қаласына қоныс аударып, сол жылдан бастап №2 ЖББОМ жұмысқа орналасты. 2010 жылы №9 мектеп-лицейге жұмысын ауыстырып, сырттай ҚарМУ-дың дене шынықтыру және спорт мәдениеті мамандығы бойынша оқып, 2013 жылы оқуды аяқтап, дипломды алды. Сол 2013 оқу жылынан бастап, дене шынықтыру мұғалімі болып осы бүгінге дейін жұмыс атқаруда. Отбасылы, жолдасы Талғат Арселлор Митл заводында механик болып жұмыс жасайды. Қызы Назерке Түркістан қаласындағы Туризм және меймандостық факультетінде 1 курсында оқиды. Ұлы Сағыныш Балапан-С балабақшасына барады.



Уринбосар Азимкулұлының екінші қызы-Нағима Уринбосаровна. Ол да 1996 жылы НМПИ-ның Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, 2001 жылы оқуды аяқтап диплом алды. Сол жылдан бастап, өзінің туылып өскен жерінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беріп келуде. Отбасылы жолдасы Шынтемір жекеменшік сауда дүкенінде жұмыс жасайды. Үлкен қызы Нұржайна ол да НМПИ-ның шет тілдер факультетінің ағылшын тілі бөлімінде оқиды. Отбасылы Ұлы Қожабек ол да НМПИ-ның шет тілдер факультеті, ағылшын тілі бөлімінде оқиды. Кіші қызы Айниса 7 сынып оқушысы.



Уринбосар Азимкулұлының үшінші қызы-Эльмира Уринбосаровна. 2003-2007 жылдар аралығында НМПИ-ның Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін оқып бітірді. №34 Абай атындағы мектепте жұмыс жасап жүріп. 2010 жылы өз ата жұрты Қазақстан Республикасының Қазғұрт ауданына қоныс аударды. Сол аудандағы балабақшаға жұмысқа орналасып бүгінде жас бүлдіршіндерге қазақ тілінен сабақ беріп келуде. Отбасылы жолдасы Талғат жекеменшік фирмада жұмыс жасайды. 5 перзенті бар. Көпбалалы ана. Ұлы Қанат колледждің 1 курс студенті. Қыздары Аяна, Балжан мектепте оқиды. Инжу балабақшаға барады. Кішкентайы Бексұлтан 9 айлық.



Уринбосар Азимкулұлының төртінші қызы-Ақмарал. 2003-2007 жылдар аралығында НМПИ-ның Филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін оқып бітірді. Жұмысын сол жылдан бастап Науайы қаласындағы балабақшада тәрбиеші және латын тілімен ана тілінен сабақ беріп келуде. Отбасылы жолдасы Ермек банкте бас есепші (бухгалтер) қызметін атқарып келуде. 3 перзенті бар. Ұлы Байкен 8 сыныпта оқиды, қызы Сагина 4 сыныпта оқиды. Ақкербез қызы балабақшаға барады.



Уринбосар Азимкулұлының бесінші қызы-Улбусин. 2004-2008 жылдар аралығында НМПИ-ның Жаратылыстану факультетінің география бөлімін оқып бітірді.Өзінің туылып өскен ауылындағы №23 Ы.Алтынсарин атындағы мектепке жұмысқа орналасты.Ұжымда өз ісінің шебері ретінде облыстық, аудандық сайыстарға,олимпиадаларға оқушы дайындап,жұмысын көрсете білді.Өз жұмысының нәтижесін көрсету барысында ,білімділігі мен біліктілігі арқасында ұжым мен білім бөлімі директорлық лауазымға тағайындады.2011-2014 жылдар аралығында директор қызметін атқарды.Өз ата жұрты Қазақстан Республикасының Теміртау қаласына қоныс аударып 2016жылы №9мектеп-лицейіне жұмысқа орналасып,бүгінде география пәнінен сабақ беруде.Отбасылы.Жолдасы- Ерлан жекеменшік мекемеде жұмыс жасайды.Қызы- Гүлсезім 1 сыныпта оқиды,ал Айзере қызы «Алтынай» балабақшасына барады.



Уринбосар Азимкулұлының ұлы, қара шаңырақтың иесі-Қуаныш.Ол да әкесі,апалары сияқты білім жолына бет бұрды.НМПИ-ның тарих және құқық факультетін бітіріп,сол ауылдағы мектепке жұмысқа орналасты. Жас маман болуына қарамастан мектепте өз біліктілігінің,талапшандық арқасында көзге түсіп ұжымға 2014жылдан бастап директор қызметіне тағайындалып жұмыс атқарды.2018жылдан бастап директорлықты тапсырып,тарих және құқық пәнінен сабақ беріп,жекеменшік балабақша ашып сонда меңгеруші қызметін де атқарып келуде.Отбасылы.Келіншегі- Гули.Балабақшада тәрбиеші-іс-жүргізуші қызметін атқарады.Екі ұл,бір қызы бар.

Әулиеттің отағасы Уринбосар Азимкулұлының, менің әкемнің өмірі осылай жалғасуда...

Азимкулова Замира Уринбосаровна

Денешынықтыру пәні мұғалімі